

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.kz

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.kz

20 ____ ж. ____ № _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
«Ақ жол» фракциясының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2018 жылғы 25 қаңтардағы
№ ДЗ-19 депутаттық сауалға*

Ішкі істер министрлігі Қазгидрометтің болжамы мен өткен жылдарға жасалған талдауды ескере отырып, алдағы көктемгі кезеңдегі су тасқыны жағдайына бағалау жасады.

Алдын ала жасалған болжам деректері бойынша елдегі қар қорының деңгейі нормадан төмен (*қар еру процесі жалғасуда*).

Сонымен қатар, су тасқыны жағдайы топырақтың шамадан тыс күзгі ылғалдануынан және жердің қатуынан қиындап отыр (*жердің қату тереңдігі өткен жылдардағы көрсеткіштерден біршама жоғары*).

Мәселен, күрделі ахуал Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда (*Сырдария өзеніндегі мұз қатуға және ықтимал мұз жиналуға байланысты*), Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында күтілуде.

Елді мекендер мен инфрақұрылым объектілерін су тасқынынан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ел аумақтарында «Су тасқыны қаупінің алдын алу және жою жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені» жол картасы іске асырылуда.

Өткен жылдың өзінде 204 іс-шара іске асырылды, нәтижесінде 107 қорғаныш бөгені салынды және нығайтылды, 71 гидротехникалық құрылыс, 8 көпір және 12 автомобиль жолы жөнделді.

Бұдан басқа, 2018 жылғы су тасқынына 8,4 мың тонна ЖЖМ, 123 мың тонна инертті материал, 759 мың қап және 6,8 тонна жарылғыш зат көлемінде қор дайындалды, елді мекендерден қар шығару жүзеге асырылуда.

Су тасқыны жағдайының ықтимал күрделенуіне жедел ден қою үшін ІІМ күштер мен құралдар топтамасы құрылды (*жалпы саны 14 мың адам және 2 мыңнан бірліктен астам техника*), Ұлттық ұлан зардап шеккен халық үшін

3 лагерді өрістетуді жоспарлауда (әрқайсысы 1000 адамға арналған), «Қазавиақұтқару» АҚ тікұшақтары (Ми-171, Ми-8, Ми-26) тұрақты әзірлікте тұр.

Электр дабылдарын тартудан, теле және радио хабар таратуды жол-жөнекей ұстаудан, SMS-хабарламаларын таратудан, дауыс зорайтқыш құрылғылармен жабдықталған ІІМ жедел автокөлігін тартудан тұратын халықты құлақтандыру жүйелерінің әзірлігі қамтамасыз етілді.

Ықтимал су басу аудандарынан халықты эвакуациялау жағдайына өңірлерде эвакуацияланатын халықты қабылдау бекеттері белгіленді, эвакуациялау бағдарлары жаңартылды, қажетті көлік анықталды.

Өз кезегінде, Ақмола, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында болған өткен жылдардағы су тасқыны салдары бойынша оларды жою жөнінде тиісті жұмыс жүргізілді.

Мәселен, Ақмола облысының Атбасар қаласындағы бөген бұрынғы сипаттамалары тәрізді қалпына келтіріліп, Жабай өзені арнасында жағалауды тазарту және су түбін тереңдету жұмыстары ішінара жүргізілді. 263 тұрғын үйді (салынып жатқан көп қабатты үйлерге тұрғындарды жайғастыру жоспарлануда) бұзу және 95 тұрғын үйді жөндеу, 2 білім объектісін күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Облыс әкімдігі қалған 127 тұрғын үйді көшіру бойынша мәселе шешілуде.

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Чкалов ауылында ұзындығы 2,4 ш қорғаныш бөгенін тұрғызу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ақтөбе қаласында 36 отбасы жаңа пәтерлер мен үйлерге көшірілді және 52 отбасына қала шетінде жер учаскелері бөлінді.

Жалпы, елді мекендер мен инфрақұрылым объектілерінің су тасқынынан қорғалуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс орталық және жергілікті атқарушы органдарының ұдайы бақылауында.

Сонымен бірге, орталық және жергілікті атқарушы органдардың тасқын кезеңіне дайындық мәселелері ағымдағы жылғы 20 ақпанда Үкімет отырысында қаралды, онда 2018 жылғы көктемгі кезеңдегі су тасқыны қатерін төмендету бойынша тапсырмалар берілді.

Қосымша 1 парақта.

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі**

Қ. Қасымов

Ахметова А.С.
☎602104
✉akhmetova.as@emer.kz

№ исх: 1-29-3-1-01/211-Д от: 22.02.2018

**Депутатам фракции «Ақжол»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

*На депутатский запрос
от 25.01.2018г. № ДЗ-19*

Министерством внутренних дел, с учетом прогноза Казгидромета и анализа прошлых лет, проведена оценка паводковой обстановки в предстоящий весенний период.

По предварительным прогнозным данным уровень снегозапасов по стране ниже нормы (*процесс снегонакопления продолжается*).

Вместе с тем, паводковая ситуация осложнена повышенным осенним увлажнением почвы и промерзшим грунтом (*глубина промерзания грунта значительно превышает прошлогодние показатели*).

Так, сложная обстановка ожидается в Южно-Казахстанской, Кызылординской (*в связи с установлением ледостава и возможными заторами на реке Сырдария*), Акмолинской, Карагандинской, Костанайской и Северо-Казахстанской областях.

В целях обеспечения населенных пунктов и объектов инфраструктуры защитой от паводков в регионах страны реализуется Дорожная карта «Комплекс мер по предотвращению и устранению паводковых угроз на 2017-2020 годы».

В прошлом году уже реализовано 204 мероприятия, в результате построены и укреплены 107 защитных дамб, отремонтированы 71 гидротехническое сооружение, 8 мостов и 12 автомобильных дорог.

Кроме того, к паводку 2018 года подготовлены запасы в объеме 8,4 тыс. тонн ГСМ, 123 тыс. тонн инертных материалов, 759 тыс. мешков и 6,8 тонн взрывчатки, осуществляется вывоз снега из населенных пунктов.

Для оперативного реагирования на возможные осложнения паводковой обстановки, МВД сформирована группировка сил и средств (*общей численностью свыше 14 тыс. человек и более 2 тыс. ед. техники*), Национальной гвардией запланировано развертывание 3 лагерей для пострадавшего населения (*на 1000 человек, каждый*), в постоянной готовности находятся вертолеты АО «Казавиаспас» (*МИ-171, Ми-8, Ми-26*).

Обеспечена готовность системы оповещения населения, включающую в себя задействование электросирен, перехват теле и радиовещания, рассылку

SMS-сообщений, привлечение оперативного автотранспорта МВД, оснащенного громкоговорящими устройствами.

На случай возможной эвакуации населения из районов возможного затопления в регионах определены пункты приема эвакуируемого населения, обновлены маршруты эвакуации, определен необходимый транспорт.

В свою очередь, по указанным последствиям паводка прошлого года в Акмолинской, Актюбинской и Карагандинской областях проведена определенная работа по их ликвидации.

Так, в г. Атбасар Акмолинской области дамба была восстановлена до ее прежних характеристик, частично проведены берегоочистительные и дноуглубительные работы в русле реки Жабай. Проведены работы по сносу 263 (жителей планируется поселить в строящиеся многоквартирные дома) и ремонту 95 жилых домов, капитальному ремонту 2 объектов образования. Акиматом области решается вопрос по переселению оставшихся 127 жилых домов.

В Карагандинской области в селе Чкалово Бухар-Жырауского района проведены работы по возведению защитной дамбы протяженностью 2,4 км.

В г. Актобе 36 семей переселены в новые квартиры и дома и 52 семьям выделены земельные участки в пригородной зоне.

В целом, работа по обеспечению защищенности населенных пунктов и объектов инфраструктуры от паводков находится на постоянном контроле центральных и местных исполнительных органов.

Одновременно, вопросы подготовки центральных и местных исполнительных органов к паводковому периоду рассмотрены 20 февраля т.г. на заседании Правительства, по результатам которого даны поручения по снижению паводковых угроз в весенний период 2018 года.

**Министр внутренних дел
Республики Казахстан**

К. Касымов